

1. Магниттік барлау әдісінде интерпретациялаудың экспресс-әдісі
  - A) жанама
  - B) іріктеу
  - C) векторлы
  - D) интегралды
  - E) салыстыру
2. Релей беттік толқынының орта бөлшектері
  - A) шеңбер бойынша қозғалатын толқын
  - B) гиперболалық орбиталар бойынша қозғалатын толқын
  - C) түзу сызық бойынша қозғалатын толқын
  - D) толқынның таралу бағыты бойынша қозғалатын толқын
  - E) эллиптикалық орбиталар бойынша қозғалатын толқын
3. Магнит индукциясының  $B$  магнит өрісі  $H$  кернеуіне тәуелділік теңдеуі
  - A)  $B = \text{grad} w$
  - B)  $B = H / \mu$
  - C)  $B = H \cdot \cos \varphi_0$
  - D)  $B = \mu \cdot H$
  - E)  $B = H \cos \varphi$
4. Аумақтың сейсмикалық мониторингі
  - A) биосферадағы жалпы әлемдік процестер мен құбылыстарды бақылау және мүмкін болатын өзгерістердің болжамын жүзеге асыру
  - B) аса қауіпті аймақтарда және ластаушы заттар көздеріне тікелей жанасатын жерлерде байқау жүргізу арқылы жүзеге асырылады
  - C) қоршаған табиғи ортада болып жатқан физикалық, химиялық процестерді бақылау
  - D) табиғи жүйелердің жай-күйін бақылау
  - E) табиғи және техногендік шығу тегі сейсмикалық сигналдарды тіркеуге өңдеуге және талдауға бағытталған жұмыстар кешені
5. Тектонофизика
  - A) жердің магнит өрісін және жер асты суларын зерттейтін геофизиканың бір бөлімі
  - B) жердің құрылысы туралы ғылымдардың жиынтығы
  - C) жер асты суларын және тау жыныстарының химиялық құрамын зерттейтін зерттейтін ғылым
  - D) тау жыныстарының химиялық құрамын және жердің магнит өрісін зерттейтін геофизиканың бір бөлімі
  - E) тау жыныстары қабаттарындағы тектоникалық деформациялардың пайда болуының физикалық жағдайларын зерттейтін ғылым
6. Жер шарының гипсографиялық сызығы
  - A) теңіз деңгейінен құрлықтардың биіктігін бейнелейтін график
  - B) құрлықтардың биіктігі мен мұхиттардың тереңдігін көрсететін график
  - C) тау жоталарының биіктігін көрсететін график
  - D) мұхиттардың тереңдігін көрсететін график
  - E) құрлықтардың биіктігін көрсететін график

7. Оперативті жерсілкінісін болжау периоды
- A) апта
  - B) күндер
  - C) жылдар
  - D) сағаттар
  - E) айлар
8. Сейсмикалық тербеліс жазуларының тіркелуі
- A) гравиметрмен
  - B) каротажды станциялармен
  - C) көп каналды сейсмикалық станциялармен
  - D) магнитометрмен
  - E) жарық шағылдырушы осциллографтармен
9. Негізгі радиоактивті қатарлар
- A) уран, оттегі, натрий
  - B) уран, торий, актиния
  - C) кремний, магний, литий
  - D) литий, натрий, сутегі
  - E) сутегі, оттегі, темір
10. Сейсмотектоника
- A) жер асты суларын зерттейтін ғылым
  - B) таужыныстарының химиялық құрамын зерттейтін геофизика бөлімі
  - C) ауырлық күші мен оның бірінші және екінші туындыларының үдеуін өлшеу арқылы жер құрылысын зерттеуге негізделген геофизика бөлімі
  - D) ауырлық күші мен екінші туындыларының үдеуін өлшеу арқылы жер құрылысын зерттеуге негізделген геофизика бөлімі
  - E) жерсілкінісінің пайда болуының геологиялық жағдайларын зерттейтін ғылым